

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 378 (5K)

The role of job description in the formation of a specialist**M.T. Koshanova**

marash.koshanova70@mail.ru

Kokshetau state University. Ualikhanov Kokshetau

Key words. Process, learning, student, research, methodology.

Abstract. The role of job description in the formation of a specialist. In the process of learning students need to develop their independence, creativity, activity. Especially should pay attention to methods of training, close to the methods of scientific research. The research methodology should be developed taking into account the latest scientific concepts, methods and knowledge. In order to have the edge in the rivalry, to be competitive, the initial basis is the competent approach. They have good professional knowledge of its staff, the professionalism of all staff, the main criterion of which is the fostering of future students desire for good knowledge, increased activity for new knowledge, self-improvement, laboratory, and other practical lessons extensive and frequent use of educational games, constant and close cooperation with the base schools. They are the basic forms of educational work, the solution of various problems and issues through joint efforts in the classroom, and planning various options valuation models job description specialist.

УДК 378 (5К)

Профессиограмманың маманның қалыптасуындағы ролі**M.T. Қошанова**

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

marash.koshanova70@mail.ru**Тірек сөздер.** Үрдіс, оқыту, оқушы, зерттеулер, әдіс.

Аннотация. Негізгі немесе бастапқы құзырлылықтар бұл ұйымның интегралды сапасы басқалардан тиімді ерекшеленуімен, бәсеке артықшылығының болуымен белгіленеді. Олар кәсіби біліктілерден нақты мамандыруымен ерекшеленеді; сол біліктілер барлық қызметкерлерде болуы керек, яғни болашақ студенттердің мұғалімдік мамандыққа деген білім, білік, дағдыларын қалыптастырудағы негізгі критерий, олардың танымдық белсенділігін арттыруда, лабораториялық, практикалық, ОБСӨЖ, СӨЖ сабақтарында педагогикалық ойындарды кең түрде қолдану, базалық мектептермен тығыз жұмыс жүргізу. Бұл оқу тәрбие жұмысының белгілі формаларын, жағдаяттарын өздері аудиторияда шешудің әр түрлі варианттарын модельдеу арқылы маман профессиограммасын бағалауына негіз болады.

Қазақстан Республикасының БІЛІМ ТУРАЛЫ Заңы (27.07.2007, №319) 21-бап. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларында Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары біліктілікті және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесін бере отырып мамандар даярлауға, олардың кәсіптік даярлығының деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталған.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістер білім беру саласын жетілдіруді міндеттейді.

Ел басы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан2030» бағдарламасында [1]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [2]. «Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру», «Білім мазмұнын гуманитарландыру» тұжырымдамаларында республиканың әлемдік білім кеңістігіне қосылуын ескере отырып, білім беру мазмұны мен оқытудың барлық әдістемелік жүйесін қайта қарау қажеттігін атап көрсетті.

Мұғалімдерді кәсіби даярлаудың мәнін түсінуге ықпал ететін факторларға теориялық талдау жасаған ғалымдар: Т.Ш.Домаев, И.Т.Огородников, Т.С.Сабыров, Н.Д.Хмель т.б. Сонымен қатар мұғалімдердің ғылыми ойлау дәрежесін, шығармашылығын қалыптастыру мәселелері баяндалып, мұғалімдер даярлау процесін жетілдіру, педагогикалық зерттеулердің тиімділігін арттыру,

шығармашылықты дамыту жолдарын қарастырған ғалымдар да бар: С.И.Архангельский, Ғ.З.Әділғазин, Ю.К.Бабанский, Л.В.Занков, С.Т.Каргин, А.И.Пискунов т.б.

Мұғалімнің тұлғасына тән қасиеттердің педагогикалық іс-әрекетке қабілеттілікті қалыптастыратыны туралы Ф.Н.Гоноболин, А.Г.Ковалев, А.Ж.Қайдарова, А.А.Люблинская т.б. Педагогикалық шеберлікті дамытуға арналған зерттеулер: Н.К.Ахметов, З.Ф.Ефименко, Т.С.Деркач, В.А.Кан-Калик, А.А.Калюжный, Н.Д.Никандров т.б. Ал, Н.В.Кузьмина, Р.М.Қоянбаев, В.А.Сластенин, А.И. Щербаков педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен құрылымын оқып-үйрену негізінде мұғалім тұлғасының моделін жасауға зерттеулерін арнаған. О.А.Абдуллин, С.И.Кисельгоф, Ж.К.Тлешова, Л.Ф.Спирин зерттеулерін мұғалімдерде кәсіби біліктілікті қалыптастыруға байланысты жүргізсе, К.Қ.Аманқұлов, Т.В.Амельченко, С.Е.Архипова, Л.С.Подымова, М.Н.Сарыбеков, С.И.Тадиян, С.А.Ұзақбаева мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық даярлығын оқу пәндерінің, педагогикалық практиканың дидактикалық бағыттылығын күшейту және арнайы оқыту арқылы жетілдіруге бағыттаған.

Мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекеттің әр түріне даярлау бойынша зертеулер жүргізген: Г.Е.Берікханова, С.С.Гамидов, В.Ф.Ефимов, Ю.К.Набочук, Ж.Ж.Наурызбай, В.А.Ситаров т.б.

Педагогтық мамандыққа бағдар беру жұмысының нәтижесін арттыру үшін орта мектеп пен педагогикалық ЖОО бірлесе отырып нақты, тиімді түрде шараларды жүйелі түрде іске асыруға міндетті. Бұл жүйе міндетті түрде мынадай жұмыстың бағыттарын жүзеге асыруды қажет етеді:

- кәсіптік білім;
- кәсіптік консультация;
- кәсіптік іріктеу және кәсіптік адаптация. [3:149-152].

Бұл көкейтесті мәселелерді жүргізуде біздің елдегі озат мектептердің тәжірибелерін ескерумен қатар басқа елдердегі құнды тәжірибені де зерттеудің маңызы зор.

Жоғарыда аталған еңбектер мен зерттеулерде оқушылар мен студенттердің танымдық әрекеттерін арттыруда оқу процесінің құрамды бөліктерінің, атап айтсақ: әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін жетілдіру жолдары комплексті түрде тұтастай қарастырылмаған, терең зерттелмеген. Сондықтан, мектеп тәжірибесінде белгілі бір кемшіліктер орын алуда. Осыдан келіп болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығының арасында қайшылықтар кездеседі. Осы мәселелерді басқа елдердің зерттеу тәжірибелерімен салыстыра отырып **маман профессиограммасын** жасауда тәжірибе жинақтау қажет. Ол үшін мына мәселелерді ескеру керек:

1. Маман профессиограммасын жетілдірудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеу.

2. Педагогикалық ЖОО оқытудың мазмұнына сәйкес қазіргі кездегі қоғамдық талап пен жаңа өзгерістер мен тенденцияларды зерттеу мақсаты.

Зерттеудің міндеттері:

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер шешіледі:

- болашақ маманның кәсіптік дайындығының ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру;
- студенттердің танымдық әрекетін дамытуға байланысты оқыту процесін ұйымдастырудың негізгі формалары мен әдіс-тәсілдерін тиімді қолданудың жолдарын белгілеу;
- студенттердің өздігінен білім алу және өзіндік жұмыс жүргізу әрекеттерін ұйымдастырудың тиімділігін арттырудың психологиялық, педагогикалық шарттарын анықтау;
- студенттердің танымдық белсенділігін арттыруда инновациялық технологияларды қолданудың эффективті ықпалын анықтау;
- инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануды жетілдірудің бағыттары мен жолдарын негіздеу және оны қолдану туралы ұсыныс құрастыру;

ЖОО студент оқу-тәрбие процесінің объектісі, әрі субъектісі болғандықтан, оның әлеуметтену және психологиялық ерекшеліктерін, талабы мен тілектерін жете білмейінше, қазіргі заманғы кадрларды ойдағыдай даярлау мүмкін емес. Кейбір зерттеулерге қарағанда студенттердің еңбегіне, мамандығына байланысты өзін-өзі тәрбиелеу дәрежесі бірдей болмайтыны және осыған орай студенттерді бірнеше топқа бөлуге болатыны айқындалған (Б.Рубин, Ю.Колесников, Т.В.Ищенко, В.Т.Лисовский, А.В.Дмитриев т.б.). Мысалы: Б.П.Зязин мынадай 4 топқа бөледі:

1. Инициативті шығармашылық топ деп аталады. Бұған жалпы дамуы мен өзін-өзі тәрбиелеуі жоғары сатыдағы, мұғалімдік мамандыққа ынтасы мен мүмкіндіктері мол қоғамдық жұмысқа белсенді қатысатын студенттер жатады.

2. Өзіндік белсенді топ деп аталады. Бұған жалпы дамуы мен өзіндік санасы ерік-жігер қасиеттері айтарлықтай қалыптасқан, өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы бар, қоғамдық жұмысқа онша белсенді қатыспайтын, мамандыққа деген ынтасы айқын емес студенттер жатады.

3. Пассивті бейімделгіш топ. Бұған сыртқы ортаның әсеріне, педагогикалық талаптарға үйренуге бейімделгіш, қоғамдық жұмысқа ынтасыз араласатын, өзін-өзі тәрбиелеуге онша мән бермейтін, мұғалімдік мамандыққа немқұрайлы қарайтын студенттер жатады.

4. Баяу консервативті топ. Бұған жалпы дамуы, ерік-жігер қасиеттері шамалы, Ж.О.О.–ның жаңа жағдайларына қиындықпен үйренетін, қоғамдық жұмысқа араласпайтын, өзін-өзі тәрбиелеуді ойламайтын, мұғалімдік мамандыққа ешқандай ықыласы жоқ студенттер жатады.

Мұғалімдік мамандыққа байланысты кәсіптік бағдар беру әрекетінде мектеп пен педагогикалық ЖОО арасында тығыз, тұрақты байланыс әлі де болса толық жүзеге асырылмаған. Мұндай өзекті мәселелерді комплексті бағдар беру жұмысының ғылыми негіздерін, сонымен қатар педагогикалық ЖОО түлектерді іріктеп алудың ғылыми әдістемесіне ерекше назар салып зерттеудің ролі ерекше. Ол мынадай талаптар анықтайды:

- студенттерге берілетін ғылыми білімнің теориялық базасының жоғары дәрежеде болуы;
- мамандар даярлаудың салаларын кеңейту;
- оқу пәндерінің интеграциясын жүзеге асыру;

Болашақ мұғалімдер мамандықтарын даярлау сапасын арттыруда орта мектепті бітірген оқушылардан лайықты жастарды таңдап алу, педагог мамандығына қабылдау өте маңызды іс. [4:54-63]. Бұл мәселе педагог мамандықтары үшін өте маңызды проблемалардың бірі, себебі, кешегі студент - болашақ маман. Сондықтан мектеп пен педагогикалық ЖОО оқыйтын студенттермен өзара байланыс бір тұтас жүйе ретінде қарастырылуы қажет.

Оқытуда студенттердің дербестік, шығармашылық қасиеттерін арттыратын белсенді ғылыми зерттеудің әдістеріне жақын келетін оқыту әдістерін кең түрде қолдану қажет.

Қорыта келгенде, негізгі немесе бастапқы құзырлықтар бұл ұйымның интегралды сапасы басқалардан тиімді ерекшеленуімен, бәсеке артықшылығының болуымен белгіленеді. Олар кәсіби біліктілерден нақты мамандыруымен ерекшеленеді; сол біліктілер барлық қызметкерлерде болуы керек, яғни болашақ студенттердің мұғалімдік мамандыққа деген білім, білік, дағдыларын қалыптастырудағы негізгі критерийі, олардың танымдық белсенділігін арттыруда, лабораториялық, практикалық, ОБСӨЖ, СӨЖ сабақтарында педагогикалық ойындарды кең түрде қолдану, базалық мектептермен тығыз жұмыс жүргізу. Бұл оқу тәрбие жұмысының белгілі формаларын, жағдаяттарын өздері аудиторияда шешудің әр түрлі варианттарын модельдеу арқылы маман профессиограммасын бағалауына негіз болады.

Роль профессиограммы в формировании специалиста

М.Т. Кочанова

marash.koshanova70@mail.ru

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау

Ключевые слова. Процесс, обучение, студент, исследование, методика.

Аннотация. В процессе обучения студентов необходимо развивать у них самостоятельность, творческие способности, активность. Особо следует уделять внимание использованию методов обучения, близкой к методам научных исследований. Методология исследований должна быть разработана с учетом новейших научных концепций, методов и знаний. Для того, чтобы иметь преимущество в соперничестве, быть конкурентоспособным, первоначальной основой является компетентный подход. Они отличаются хорошими профессиональными знаниями специалистов, профессионализмом всех кадров, главный критерий которого – привитие у будущих студентов стремления к хорошим знаниям, увеличение активности познания нового, самосовершенствования, на лабораторных, практических и других уроках широкое и частое использование педагогических игр, постоянное и тесное сотрудничество с базовыми школами. Они являются основными формами воспитательной работы, решение различных проблем и вопросов совместными усилиями в аудиториях, а также планирование различных вариантов модели оценки профессиограммы специалиста.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 2030» бағдарламасы.
- [2] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
- [3] Рувинский Л.И. Мамандыққа кіріспе Алматы. «Ана тілі», 1990ж.
- [4] Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. М.: Педагогика, 1989.- 560 с. С. 54-63.
- [5] Бордовская Н.В. Педагогическая системология: учебное пособие. М.: Дрофа, 2009.- 464с.
- [6] Рувинский Л.И. Мамандыққа кіріспе Алматы. «Ана тілі», 1990ж.
- [7] Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. Алматы, 2000.
- [8] Молдажанова А.К. Особенности формирования педагогической культуры будущего учителя. дисс. к.п.н.: Алматы, 1996.
- [9] М. Мұқанов. Бақылау және ойлау. Қазақ мемлекет баспасы. 1959ж. б.117. 63-66 б.